

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттары  
Б. Бейсенғалиевке  
М. Такиевке  
А. Рауға  
М. Жайымбетовке  
Е. Стамбековке  
И. Смирноваға**

*2023 жылғы 27 қыркүйектегі  
№ДЗ-351 депутаттық сауалға*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) экономиканың нақты секторын кредиттеудің ұлғаюына, халықтың шамадан артық кредит алуын төмендетуге, банктердің стрессті активтерін экономикалық айналымға тартуға қатысты сауалдарыңызды қарап, жалпы алғанда сіздер ұсынған бастамаларды қолдайды.

Мемлекет басшысы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауында нақты секторды кредиттеудің жыл сайынғы өсуін 20% және одан жоғары деңгейде қамтамасыз етуді қағидатты міндет ретінде айқындады. Сонымен қатар Президент банктерді корпоративтік кредиттеуге белсенді түрде қатысуға ынталандыру, кәсіпкерлерге көмектесу қажет екенін атап өтті. Бизнеске кредит беру банктік қызметтің басқа түрлерімен салыстырғанда мейлінше тиімді пруденциялық және фискалдық реттелуі керек.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының Үкіметпен (бұдан әрі – Үкімет) және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) бірлесіп, банктердің бизнеске кредит беруін ынталандыру бойынша келесі жұмыс жүргізуде.

*Банк секторын пруденциялық реттеуге қатысты*

Банктік кредиттеуді кеңейтудің негізгі шарты – банктерде капитал мен өтімділіктің жеткілікті көлемінің болуы. Сондықтан шағын және орта бизнес (ШОБ) субъектілерін кредиттеу кезінде капиталға жүктемені төмендету үшін 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін осындай қарыздар бойынша тәуекелді саралау коэффициенттері 75%-дан 50%-ға дейін төмендетілді.

Қысқа мерзімді қорландыру базасы жағдайында банктердің өтімділігіне қысымды төмендету және 2022 жылғы 30 маусымнан бастап 2024 жылғы 1 шілдеге дейінгі кезеңде кредиттеу мүмкіндіктерін кеңейту үшін өтімділікті өтеу (LCR) және нетто тұрақты қорландыру (NSFR) коэффициенттерінің мәндері 0,8-ге дейін төмендетілді (Базель стандарты – 1,0). Бұл ретте мерзімінен бұрын өтеу құқығымен заңды тұлғалардың депозиттері есебінен банктерді тұрақты қорландыру құралдарының тізбесі кеңейтілді.

*Банк секторын фискалдық реттеуге қатысты*

Қазақстан Республикасының Сенаты депутаттарының бастамасы бойынша «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы әзірленді.

Заң жобасы шеңберінде банктердің Ұлттық Банктің ноталары бойынша табысына салық салуды енгізуді көздейтін түзету көзделген.

Аталған түзетуді қабылдау банктердің өтімділікті тәуекелсіз құралдарға инвестициялау мүддесін төмендетуге мүмкіндік береді, ол экономиканы кредиттеуге бағытталуы мүмкін.

Бұл ретте, Ұлттық Банк көрсетілген түзетулерді қарау шеңберінде корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі – КТС) Ұлттық Банктің ноталары бойынша ғана емес, сонымен қатар барлық басқа да мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі – МБҚ) бойынша табыс салығын енгізу қажеттілігі туралы ұстанымын білдірді. Бюджет кірістерінің болжамды ұлғаюын бағалау мақсатында 2022 жылдың қорытындысы бойынша банктер ұсынған деректер және 2023 жылдың 31 тамызына МБҚ ұстаушылар құрылымы негізінде есептеулер жүргізілді. Мәселен, 2022 жылғы мысалда МБҚ салық салудан түсетін бюджеттің қосымша кірісін бағалау банк секторы бойынша (КТС ставкасы 20% болғанда) **96 млрд теңгені**, ал МБҚ ұстаушылар – КТС төлеушілер бойынша – **165 млрд теңгені** құрайды. Айналыстағы МБҚ көлемінің өсуін ескере отырып, норманы енгізу кезінде нақты кірістер жоғары болады.

Сонымен қатар, Ұлттық Банк бизнесті кредиттеуге қызығушылықты арттыру мақсатында банктер кірістерінің әртүрлі түрлері бойынша КТС сараланған мөлшерлемелерін енгізуді ұсынды. Бизнесті кредиттеуден алынған банктің табыстарына КТС-тың неғұрлым төмен ставкасы бойынша, ал тұтынушылық кредиттеуден түсетін кірістерді қоса алғанда, кірістердің өзге түрлеріне КТС-тың неғұрлым жоғары ставкасы бойынша салық салу ұсынылады.

Жүргізілген есептеулер осындай бастаманы енгізу кезінде бюджет кірістерінің өсуін көрсетеді.

Осы ұсыныстар мен тиісті есептеулер Үкіметке берілді.

*Банк секторын ұзақ мерзімді қорландыруға қатысты*

Экономиканы кредиттеудің орнықты өсу факторларының бірі банктерге «ұзақ» жобаларды ұзақ мерзімді жоспарлауды және қаржыландыруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін банктерді қорландырудың тұрақты көздерін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Осыған байланысты Ұлттық Банк «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ зейнетақы активтерін нарықтық шарттарда банктердің тұрақтылығына қойылатын талаптарды белгілей отырып және бизнесті кредиттеу бойынша қарсы міндеттемелерді қоя отырып, банктердің ұзақ мерзімді облигацияларына инвестициялау мәселесін пысықтауда. Аталған қаражат тек нақты секторды кредиттеуге бағытталады болады, бұл экономиканың әртараптандырылуына және өсуіне ықпал ететін болады.

*Синдикатталған кредиттеуді дамытуға қатысты*

«Экономиканың нақты секторына кредит беруді кеңейту және халықтың шамадан тыс кредит алуын азайту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 10 наурыздағы № 140 Жарлығы (бұдан әрі – Жарлық) шеңберінде өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешендегі жобаларды синдикатталған кредит беруді және қоса қаржыландыруды дамыту бойынша шаралар қабылдануда.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаттары «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кредиттеу және қарыз алушылардың құқықтарын қорғау кезіндегі тәуекелдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын (бұдан әрі – Заң жобасы) әзірледі, онда синдикатталған қаржыландыру тетігін дамыту мақсатында синдикатталған қарыз шарттарын ұйымдастыру және оларға қызмет көрсету рәсімдерін жетілдіру жөніндегі түзетулер көзделеді.

Ұлттық Банк Заң жобасы бойынша Үкіметінің Қорытындысын дайындау шеңберінде бұл түзетулерді тұжырымдамалық тұрғыдан қолдады.

*Халыққа кредит берудің төмендеуіне қатысты*

Жарлықты іске асыру мақсатында Заң жобасы шеңберінде борыштық жүктемені азайтуға және тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған мынадай бірқатар түзетулер көзделеді:

- қайта құрылымдауды қоспағанда, банктер мен микроқаржы ұйымдарына азаматтардың 90 күннен астам мерзім өткен берешегі болған кезде, оларға қандай болмасын қарыз беруге тыйым салу;

- банктер мен микроқаржы ұйымдарының азаматтардың қарыздары бойынша талап ету құқықтарын коллекторлық агенттіктерге беруге тыйым салу;

- 90 күннен аса мерзімі өткеннен кейін сыйақы талап етуге салынатын тыйымды бұрын жасалған тұтынушылық қарыздарға қолдану;

- әскерге шақырылған қарыз алушылар үшін сыйақы есептемей, қарызды өтеу мерзімін міндетті түрде кейінге қалдыруды енгізу;

– жылыту маусымында кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларды жалғыз баспанасынан шығаруға тыйым салуды енгізу.

Сондай-ақ, Заң жобасында жеке тұлғалардың банкроттық институтын жетілдіру, рәсімді қолдануды оңтайландыру және соттан тыс банкроттықтың кіріс критерийлерін оңайлату мақсатында түзетулер ұсынылады.

Мәселен, қарыз алушының берешекті реттеу және өндіріп алу рәсімін жүргізуді растайтын құжаттарды ұсынуын болдырмау және кредиттік бюролардан соттан тыс банкроттыққа тиісті құжаттарды алу процесін автоматтандыру көзделеді.

Ұлттық Банк тарапынан Заң жобасы бойынша Үкіметінің қорытындысын дайындау шеңберінде аталған түзетулер тұжырымды тұрғыда қолдау тапты.

Бұдан басқа, борыш жүктемесінің коэффициентін (бұдан әрі – БЖК) есептеу кезінде қарыз алушының төлем қабілеттілігін және оның табысын бағалаудың қолданыстағы тәртібі, біздің ойымызша, қайта қарауды қажет етеді, өйткені бұл анықтамада қарыз алушының табысы тек ресми расталған кірістермен шектелмейді.

Коэффициентті есептеу кезінде ерекшеліктерді, коэффициентті есептеу кезінде пайдаланылатын кірістер тізбесін қайта қарау және қарыз алушы қарыздың кез келген түріне өтініш берген кезде коэффициентті есептеуді тарату қажет.

Ресми расталған кірістер негізінде кез келген қарызды (кепілсіз, кепілді тұтынушылық, ипотекалық қарыздарды, автокредитті және басқаларын қоса алғанда) алған кезде барлық қарыз алушы – жеке тұлғалар бойынша БЖК есебін жүргізу ұсынылады.

Ресми кірістерді пайдалану қарыз алушыларға олардың ресми борыштық жүктемесін, оның ішінде 21 жасқа толмаған азаматтар санатын төмендетуге мүмкіндік береді, сондай-ақ қызметкерлердің жалақыны ресми түрде көбірек алуға деген ұмтылысына ықпал етуі мүмкін.

Тұтастай алғанда, мұның «сұр» экономиканың бір бөлігін төмендету және соның нәтижесінде ел бюджетіне салық түсімін арттыру сияқты мультипликативті экономикалық әсері болады.

Бұл ұсыныстар 2023 жылғы 14 қыркүйекте өткен Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық жөніндегі кеңесінің отырысында қолдау тапты.

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында банктердің стрессті активтерін экономикалық айналымға тарту, оның ішінде цифрлық платформа құру жөнінде шаралар қабылдау тапсырылды.

Заң жобасы шеңберінде:

1) стрессті активтерді сату мақсатында электрондық сауда алаңдарын ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыру шеңберінде қолданыстағы және әлеуетті операторларды реттеу үшін заңнамалық база құруға;

2) электрондық сауда алаңы операторының қызметін жүзеге асыруға Агенттік атынан уәкілетті органның тиісті рұқсатын алған электрондық сауда алаңдары арқылы банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымдардың және МҚҰ стресс активтерін міндетті түрде сату жөніндегі талаптарды белгілеуге;

3) Агенттіктің атынан уәкілетті органға электрондық сауда алаңының операторына электрондық сауда алаңының қызметін жүзеге асыруға рұқсат беру жөніндегі функцияны беруге бағытталған заңнамалық түзетулерді қабылдау ұсынылады. Агенттік атынан уәкілетті органның тиісті рұқсатын алған электрондық сауда алаңдары (операторлар) ғана стрессті активтермен электрондық сауда-саттықты өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыра алады;

4) электрондық сауда алаңдарына міндетті функционалдық және техникалық талаптар белгіледі; банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша берешекті реттеу және құқықтарды (талаптарды) басқаға беру рәсімдерінің аражігі ажыратылады және нақтыланады.

Тұтастай алғанда, қабылданып отырған шаралар электрондық сауда алаңдарын құру арқылы стрессті активтерді экономикалық айналымға тарту бойынша бәсекелестік бизнес орта құру жолымен стрессті активтер нарығының дамуына ықпал ететін болады, бұл әділ баға белгілеу кепілдігімен стрессті активтерді сату жөніндегі нарықтық тетіктерді, оның ішінде стрессті активтерді сатып алу-сату жүргізіліп жатқан мәмілелердің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Ұлттық Банк Үкіметінің Заң жобасы бойынша қорытындысын дайындау аясында осы түзетулерді тұжырымды тұрғыда қолдады.

Ұлттық Банк өз тарапынан тиісті заңнамалық өзгерістерді талқылауға белсенді қатысуға дайын екендігін білдіреді.

**Төраға**

**Т. Сүлейменов**

*Орынд. Баулықбаева Жанар  
тел.8(7172)775414, ішкі 5643*

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Z05T8F6, Астана қаласы,  
«Есіл» ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57А ғимараты  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

Z05T8F6, город Астана,  
район «Есиль», проспект Мәңгілік Ел, здание 57А  
тел.: +7 7172 775577, факс: +7 7172 554577  
E-mail: hq@nationalbank.kz

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Б. Бейсенғалиеву  
М. Такиеву  
А. Рау  
М. Жайымбетову  
Е. Стамбекову  
И. Смирновой**

*На депутатский запрос  
№ДЗ-351 от 27 сентября 2023 года*

**Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан (далее – Национальный Банк), рассмотрев ваш запрос касательно увеличения кредитования реального сектора экономики, снижения закредитованности населения, вовлечения в экономический оборот стрессовых активов банков, в целом поддерживает предлагаемые вами инициативы.

Глава государства в Послании народу Казахстана от 1 сентября 2023 года «Экономический курс Справедливого Казахстана» принципиальной задачей определил обеспечение ежегодного роста кредитования реального сектора на уровне 20% и выше. Президент также отметил, что нужно мотивировать банки активно участвовать в корпоративном кредитовании, помогать именно предпринимателям. Кредитование бизнеса должно иметь более выгодное пруденциальное и фискальное регулирование в сравнении с другими видами банковской деятельности.

Во исполнение поручения Главы государства, Национальным Банком совместно с Правительством Республики Казахстан (далее – Правительство) и Агентством Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка (далее – Агентство) ведется следующая работа по стимулированию кредитования банками бизнеса.

*Касательно пруденциального регулирования банковского сектора*

Ключевым условием расширения банковского кредитования является наличие у банков достаточного объема капитала и ликвидности. Поэтому для снижения нагрузки на капитал при кредитовании субъектов малого и среднего бизнеса (МСБ) коэффициенты риск-взвешивания по таким займам до 1 января 2024 года снижены с 75% до 50%.

Для уменьшения давления на ликвидность банков в условиях краткосрочной базы фондирования и расширения возможностей для кредитования в период с 30 июня 2022 года до 1 июля 2024 года значения коэффициентов покрытия ликвидности (LCR) и нетто стабильного фондирования (NSFR) понижены до 0,8 (Базельский стандарт – 1,0). При этом расширен перечень инструментов стабильного фондирования банков за счет депозитов юридических лиц с правом досрочного погашения.

*Касательно фискального регулирования банковского сектора*

По инициативе депутатов Сената Республики Казахстан разработан проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в Кодекс Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) и Закон Республики Казахстан «О введении в действие в Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс).

В рамках Законопроекта предусмотрена поправка, предусматривающая введение налогообложения доходов банков по нотам Национального Банка.

Принятие указанной поправки позволит снизить интерес банков инвестировать ликвидность в безрисковые инструменты, которая потенциально может быть направлена на кредитование экономики.

При этом, Национальным Банком в рамках рассмотрения указанных поправок выражена позиция о необходимости введения обложения корпоративным подоходным налогом (далее – КПН) дохода не только по нотам Национального Банка, но и по всем другим государственным ценным бумагам (далее – ГЦБ). В целях оценки предполагаемого увеличения доходов бюджета были проведены расчеты на основе данных, предоставленных банками по итогам 2022 года и структуры держателей ГЦБ на 31 августа 2023 года. Так на примере 2022 года оценка дополнительных доходов бюджета от налогообложения ГЦБ составляет по банковскому сектору (при ставке КПН 20%) **96 млрд тенге**, а по всем держателям ГЦБ – плательщикам КПН – **165 млрд тенге**. Учитывая рост объема ГЦБ в обращении, фактические доходы при введении нормы сложатся выше.

Дополнительно, Национальным Банком в целях увеличения заинтересованности в кредитовании бизнеса предложено ввести дифференцированные ставки КПН по различным видам доходов банков. Предлагается доходы банка, полученные от кредитования бизнеса, облагать по более низкой ставке КПН, а иные виды доходов, включая доходы от потребительского кредитования, по более высокой ставке КПН. Проведенные расчеты указывают на рост доходов бюджета при введении такой инициативы.

Данные предложения и соответствующие расчеты переданы в Правительство.

*Касательно долгосрочного фондирования банковского сектора*

Одним из факторов устойчивого роста кредитования экономики является создание условий для формирования стабильных источников фондирования банков, которые позволят банкам осуществлять долгосрочное планирование и финансирование «длинных» проектов.

В этой связи Национальным Банком прорабатывается вопрос инвестирования пенсионных активов АО «Единый накопительный пенсионный фонд» на рыночных условиях в долгосрочные облигации банков с установлением требований к устойчивости банков и выставлением встречных обязательств по кредитованию бизнеса. Указанные средства будут направлены исключительно на кредитование реального сектора, что будет способствовать диверсификации и росту экономики.

*Касательно развития синдицированного кредитования*

В рамках Указа Президента Республики Казахстан «О мерах по расширению кредитования реального сектора экономики и снижению закредитованности населения» от 10 марта 2023 года № 140 (далее – Указ) предпринимаются меры по развитию синдицированного кредитования и софинансирования проектов в обрабатывающей промышленности и агропромышленном комплексе.

В настоящее время депутатами Мажилиса Парламента Республики Казахстан разработан проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам минимизации рисков при кредитовании и защиты прав заемщиков» (далее – Законопроект), предусматривающий, в том числе поправки по усовершенствованию процедуры организации и обслуживания договоров синдицированного займа с целью развития механизма синдицированного финансирования.

Национальным Банком в рамках подготовки Заключения Правительства по Законопроекту данные поправки концептуально поддержаны.

Считаем, что совокупность принимаемых мер будет стимулировать банки кредитовать экономику.

*Касательно снижения закредитованности населения*

В целях реализации Указа в рамках Законопроекта предусматривается ряд поправок, направленных на снижение долговой нагрузки и усиление защиты прав потребителей:

– запрет банкам и микрофинансовым организациям на предоставление любых займов гражданам при наличии просрочки свыше 90 дней, за исключением реструктуризации;

– запрет на уступку банками и микрофинансовыми организациями прав требования по займам граждан коллекторским агентствам;



- распространение действующего запрета по истребованию вознаграждения после 90 дней просрочки на ранее заключенные потребительские займы;

- введение обязательной отсрочки без начисления вознаграждения для заемщиков, призванных в армию;

- введение запрета на выселение из единственного жилья в отопительный сезон семей с несовершеннолетними детьми.

Законопроектом также предлагаются поправки в целях совершенствования института банкротства физических лиц, оптимизации применения процедуры и упрощения входных критериев внесудебного банкротства.

Так, предусматривается исключение предоставления заемщиком документов, подтверждающих проведение процедуры урегулирования и взыскания задолженности, и автоматизация процесса получения соответствующих документов на внесудебное банкротство из кредитных бюро.

Национальным Банком в рамках подготовки Заключения Правительства по Законопроекту указанные поправки концептуально поддержаны.

Кроме того, существующий порядок оценки платежеспособности заемщика и его дохода при расчете коэффициента долговой нагрузки (далее – КДН), по нашему мнению, требует пересмотра, поскольку в текущем определении доход заемщика не ограничивается только официально подтвержденными доходами.

Необходим пересмотр исключений при расчете коэффициента, перечня доходов, используемых при расчете коэффициента, и распространение расчета коэффициента при обращении заемщика по любому виду займа.

Предлагается производить расчет КДН по всем заемщикам – физическим лицам при получении любого займа (включая беззалоговые, залоговые потребительские, ипотечные займы, автокредиты и прочие) на основании официально подтвержденных доходов.

Использование официальных доходов позволит заемщикам снизить их долговую нагрузку, в том числе категорий граждан, не достигших 21-летнего возраста, а также потенциально будет способствовать желанию работников получать заработную плату в большей степени в официальном порядке.

В целом, это также будет иметь мультипликативный экономический эффект, такой как снижение части «серой» экономики и, как следствие, увеличение поступления налогов в бюджет страны.

Данные предложения поддержаны на заседании Совета по финансовой стабильности Республики Казахстан, которое состоялось 14 сентября 2023 года.

В Послании Главы государства народу Казахстана поручено принять меры по вовлечению в экономический оборот стрессовых активов банков, в том числе создание цифровой платформы.

В рамках Законопроекта предлагается принятие законодательных поправок, направленных на:

- 1) создание законодательной базы для регулирования существующих и потенциальных операторов в рамках осуществления деятельности по

организации электронных торговых площадок в целях продажи стрессовых активов;

2) установление требований по обязательной продаже банками, организациями, осуществляющими отдельные виды банковских операций и МФО стрессовых активов через электронные торговые площадки, получившие соответствующее разрешение уполномоченного органа в лице Агентства на осуществление деятельности оператора электронной торговой площадки;

3) наделение уполномоченного органа в лице Агентства функцией по выдаче оператору электронной торговой площадки разрешения на осуществление деятельности электронной торговой площадки. При этом только электронные торговые площадки (операторы), получившие соответствующее разрешение уполномоченного органа в лице Агентства, смогут осуществлять деятельность по проведению электронных торгов стрессовыми активами;

4) установление обязательных функциональных и технических требований к электронным торговым площадкам; разграничение и уточнение процедур урегулирования задолженности и уступки прав (требований) по банковским займам и микрокредитам.

В целом принимаемые меры будут способствовать развитию рынка стрессовых активов путем создания конкурентной бизнес среды по вовлечению стрессовых активов в экономический оборот посредством создания электронных торговых площадок, что обеспечит рыночные механизмы по реализации стрессовых активов с гарантией справедливого ценообразования, в том числе прозрачность проводимых сделок купли-продажи стрессовых активов.

Национальным Банком в рамках подготовки Заключения Правительства по Законопроекту данные поправки концептуально поддержаны.

Со своей стороны, Национальный Банк выражает готовность принять активное участие в обсуждении соответствующих законодательных изменений.

**Председатель**

**Т. Сулейменов**

*исп. Баулукбаева Жанар  
тел.8(7172)775414, вн.5643*